

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

МИНИСТРЛІГІ

«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Университет «Мирас»

Шетелдік Ғылыми тағымдама туралы ЕРЕЖЕСІ

ПОЛОЖЕНИЕ

О зарубежной научной стажировке

Университет ОӘК отырысында талқыланды

Обсуждено на заседании УМС университета

№ 1 Хаттама «29» 08 2016ж.

Протокол № 1 «29» 08 2016г.

Университет ҒК отырысында бекітілді

Утверждено на заседании УС университета

№ 1а Хаттама «31» 08 2016ж.

Протокол № 1а «31» 08 2016г.



Шымкент 2016 ж.



Магистратура бөлімінің меңгерушісі м.а. А.Б-П. Данияровамен ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

«__» _____ 20__ ж, №__ хаттамасымен, «Мирас» университеті Ғылыми кеңесі шешімімен 20__/20__ оқу жылынан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

Аталған Ереже Шетелдік ғылыми тағымдамадан өту тәртібін анықтайды.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу орнының білім беру қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

1. Нормативтік сілтемелер

Аталған ережені жасау барысында келесі нормативтік құжаттар қолданылды:

- 1.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жылдың 27 шілде айы, №319-111 ҚРЗ. (2016 жылдың 9 сәуіріндегі өзгерістерімен);
- 1.2.«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура», ҚР үкіметімен 2012 жылдың 23 тамызында № 1080 хаттамасымен бекітілген. (13.05.2016 жылдың өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- 1.3.Білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелері, ҚР білім және ғылым Министрінің 2008 жылдың 18 наурыз айындағы №125 хаттамасымен бекітілген (13.05.2016 жылдың өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2. Тағымдаманың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Магистранттардың тағымдамасы кәсіби деңгейді көтеру және диссертациялық жұмыс үшін материалдарды жинау мақсатымен ұйымдастырылады.
- 2.2. Тағымдама міндеттері:
 - Шетелік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен танысу;
 - Ғылыми зерттеудің заманауи әдістерімен жұмыс, эксперименттік мәліметтерді өңдеу және интерпретациялау;
 - Оқитын мамандығы бойынша кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын, құзіреттерін және тәжірибесін меңгеру;
 - Кәсіби саласында алдыңғы қатарлы тәжірибе жинау.

3. Шетелдік тағымдаманы ұйымдастыру

- 3.1. Магистрант бүкіл оқу кезеңі бойынша шетелдік білім ұйымдарына бір рет шығу тағымдамасын өткізеді. Шетелдік ғылыми тағымдама теориялық білім кезеңінде, 2 семестрден кейін 2 күнтізбелік апта көлемінде өтеді. Ғылыми тағымдама аяқталған соң магистрант бітіруші кафедраға және магистратура бөліміне магистрлік диссертация тақырыбына орындалған ғылыми зерттеу жұмысы туралы есеп ұсынады.
- 3.2. Магистранттардың тағымдамасының жоспары ағымдағы оқу жылына жасалады.
- 3.3. Тағымдаманы жоспарлауды халықаралық серіктестік бойынша департаментпен, академиялық ұтқырлық бойынша департаментімен, магистратура бөлімімен келісім бойынша кәсіби кафедра іске асырады.
- 3.4. Магистранттардың шетелдерге шығуын ұйымдастырумен академиялық сұрақтар бойынша департаменті, халықаралық серіктестіктер бойынша департаменті және

университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұйымдастыру бөлімі шетелдік серіктестермен бірге немесе оның Қазақстандағы өкілдерімен бірге айналысады. Барған елде тағымдаманы ұйымдастыруды шетелдік серіктес және/немесе оның Қазақстандағы ресми өкілі қамтамасыз етеді.

- 3.5. Сапарға баратын магистранттардың тізімі магистратура бөлімімен және кәсіби кафедрамен, сәйкес директор және деканаттың келісімі бойынша жасалады.
- 3.6. Шетелге шығар алдында магистрант қажет өтініштік құжаттарын рәсімдейді, тағымдама шарттары және өзара жауапкершіліктер бойынша жеке келісім жасайды.
- 3.7. Кафедра магистранттардың жұмыс жоспарын және олардың шетелде болу кезеңіне индивидуалды тапсырмаларын құрастырады.
- 3.8. Академиялық сұрақтар бойынша департамент және халықаралық серіктестік бойынша департаменттері магистранттардың қаладан шыққан уақытына дейін шетелдік сапарды ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыздандырады.
- 3.9. Директорат және деканат шетелдік тағымдамаға кетіп жатқан магистранттар үшін қосымша сабақтар және курстық жұмысты, зертханалық жұмыстарды және емтихандарды тапсыру кестесін құрастырады.
- 3.10. Магистранттардың шетелдік тағымдамаларға қатысуы және оқуы сәйкес ректордың бұйрықтарымен бекітіледі.

4. Магистранттарға талаптар

- 4.1. Шетелдік тағымдамаға қатысуға келесі талаптарды қанағаттандырған магистранттар жіберіледі:
 - Оқу-үлгерімі жақсы, оқу кезеңі бойында өзін таныта білген және кафедрадан пікірлемесі бар;
 - Диссертациялық жұмыстың тақырыбын Ғылыми кеңесте бекіткен;
 - Шетел тілін жеткілікті меңгерген, қажет практикалық тәжірибені меңгерген және шетелдік тағымдамалардың нақты бағдарламаларының немесе оқудың басқа да шарттарын қанағаттандыратын;
 - Медициналық ақауы жоқ және диспансерлік есепте тұрмаған.
- 4.2. Магистрант-шетелдік тағымдама бағдарламасының қатысушысы, өзіне келесі жауапкершіліктерді алады:
 - а) Шетелге шығар алдында:
 - Сәйкес тағымдама Бағдарламасына қатысты халықаралық серіктестіктер бойынша департаменті және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұйымдастыру бөлімінің барлық ұйымдастыру іс-шараларына қатысуға және олардың ұсыныстарын қатаң түрде ұстануға;
 - Ағымдағы семестр бойынша академиялық қарызы жоқтығы туралы директораттан, деканаттан анықтамаларын жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұйымдастыру бөліміне ректордың бұйрығын шығару үшін өткізуі керек;
 - б) Шетелден қайтып келген соң:
 - Оқу сабақтарына уақытылы қатысуға;
 - Апталық мерзімде, тағымдамадан өту кезеңінде орындалған жұмыс туралы есебін жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұйымдастыру бөліміне және индивидуалды тапсырма берген кафедраға ұсынуы керек;

— жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұйымдастыру бөлімі өткізетін тағымдама нәтижелері бойынша ғылыми-әдістемелік семинарына қатысуға.

4.3. Магистранттың басқа да міндеттері шетелдік серіктестермен және/немесе оның Қазақстандағы өкілімен жасалған келісім шарттар мен контрактілерді, сонымен қатар тағымдама Бағдарламаларында толығымен сипатталған.

5. Шетелдік ғылыми тағымдама бойынша есепті құрастыруға талаптар

Тағымдама туралы есепте келесі бөлімдер бейнеленуі керек:

- 5.1. Шетелдік Оқу орнында тыңдалған дәрістер мен семинарлар (атауы, оқытушысы, сағаттар саны);
- 5.2. Университетте негізгілерінен басқа қандай сабақтарға қатысты (атауы, оқытушысы, сағаттар саны);
- 5.3. Диссертациялық жұмысты жазу бойынша материалдарды жинау үшін жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер;
- 5.4. Магистранттың есебі компьютерді және баспа құралын пайдалану арқылы баспалық тәсілмен орындалуы керек, А4 форматындағы ақ қағазды парақтың бір бетінде бір интервал арқылы. Қаріп – қарапайым, кегль 14. Жұмыстың мәтіні келесі өріс мөлшерлерін сақтай отырып терілуі керек: сол жақ шеті -30 мм, жоғары шеті -20 мм, оң шеті – 10 мм, төменгі шеті -25 мм. Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға түрлі қаріп гарнитураларын қолдану арқылы көңіл бөлуге компьютерлік мүмкіншіліктерді қолдануға рұқсат етіледі. Іс-тәжірибе бойынша есептің мәтініндегі жаңа жолдар теңдей 12,5 мм шегінісінен басталады. Есепте сызықтар, әріптер, сандар және белгілер нақты болуы керек. Есепті бөлімдерге бөлген дұрыс. Әрбір бөлім біткен ақпараттан тұруы керек. Есептің әрбір бөлімі жаңа беттен басталуы керек. Іс-тәжірибе бойынша магистранттың есебінің беттері арап әріптермен, барлық мәтін бойынша кезектілік нөмерленуін сақтау арқылы нөмерленуі керек. Беттердің нөмері қағаздың төменгі шетінің ортасында, соңына нүкте қойылмай орналасуы керек.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
Мирас Университеті мекемесі



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Учреждение Университет Мирас

160012, Шымкент қ., Ф.Ляев, 3
тел. 8 (7252) 43-82-66, факс: 43-82-65
СТН 582 300 032 268
БСН 970 540 003 687
Казкоммерцбанк АҚ Шымкент ф-лы
Есеп шоты: KZ 889 260 801 114 515 000
БСК KZKOKKZKX
Кбе 18; КНП 861
e-mail: info@miras.edu.kz
www.miras.edu.kz

160012, г.Шымкент, ул.Г.Иляева, 3
тел: 8 (7252) 43-82-66, факс: 43-82-65
РНН 582 300 032 268
БИН 970 540 003 687
АО Казкоммерцбанк Шымкентский ф-л
Расч счет: KZ 889 260 801 114 515 000
БИК KZKOKKZKX
Кбе 18; КНП 861
e-mail: info@miras.edu.kz
www.miras.edu.kz

ЖОЛДАУ

«___» _____ 20__ жылдың №___ бұйрығының негізінде

Магистрантты _____ 1 оқу жылымен, мамандығы

_____ жіберіледі

Диссертациялық жұмысының тақырыбы бойынша ғылыми тағымдамадан өту үшін

«_____»
_____»

Ғылыми жетекшісі _____

УНИВЕРСИТЕТТЕН КЕТТІ

ШҒТ

«___» _____ 20__ ж.

М.П.

ОРНЫНА КЕЛДІ

«___» _____ 20__ ж.

М.П.

ОРНЫНАН КЕТТІ

ШҒТ

«___» _____ 20__ ж.

М.П.

УНИВЕРСИТЕТКЕ КЕЛДІ

«___» _____ 20__ ж.

М.П.

Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша шетелдік ғылыми тағымдама
бағдарламасын орындауға

Тапсырма:

« _____
_____ »

Магистрантқа _____

(аты-жөні)

№	Тапсырма мазмұны	Орындау мерзімі	Қосымша
1	диссертация тақырыбы бойынша теориялық бағыттарды зерттеу		
	А)		
	Б)		
	В)		
2	Шетелдік тәжірибені және шетелдік авторлардың жарияланымдарын зерттеу		
	А)		
	Б)		
	В)		
3	Диссертация тақыры бойынша қарастырылатын зерттелетін проблемалардың ерекшеліктерін/бағытын анықтау		
	А)		
	Б)		
	В)		
4	Басқа		
	А)		
	Б)		
	В)		

Тапсырманы беру мерзімі _____

ШҒТ бойынша есепті ұсыну мерзімі _____

Ғылыми жетекші _____

(ғылыми дәрежесі, лауазымы, Аты-жөні, қолы)

Тапсырманы орындауға қабылдадым _____

(мерзімі, магистранттың қолы)